

БЕКІТЕМІН
«Жәңгір хан атындағы Батыс
Қазақстан аграрлық-техникалық
университеті» КеАҚ
басқарма төрағасы - ректор
А.М. Наметов
«16» 09 2021 ж.







ӘСКЕРИ КАФЕДРАНЫҢ ЦИКЛ БАСТЫҒЫНЫҢ

ЛАУАЗЫМДЫҚ НУСҚАУЛЫҒЫ

СМЖ.07.ЛН.121

№ 02 басылым

№ ___ дана

Дайындалды: 10.09.2021ж.	Келісілді: 15.09.2021ж.	Енгізілді: 17.09.2021ж.
Кониров А.Ж. 	Таубаев Ө.Б.  Алмағамбетова М.Ж.  Ихсанов Е.Б. 	17.09.2018 ж. СМЖ.07.ЛН.121 орнына Қайта қаралуы: 17.09.2024ж.

Мазмұны:

1. Бағыты
2. Қолдану саласы
3. Лауазымдық міндеттері
4. Жауапкершілігі мен өкілеттігі
5. Құжаттама
6. Сілтемелер

Өзгерістер				
№	Енгізілген мерзімі	Беттер нөмірі	Дайындаушы	
			Тегі, аты, әкесінің аты	Қолы

1. Бағыты

Бұл нұсқаулық Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» және «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Заңдарына, Запастағы офицерлер және запастағы сержанттар бағдарламалары бойынша әскери дайындық қағидасына сәйкес дайындалды.

2. Қолданылуы

Бұл нұсқаулық әскери кафедраның цикл бастығына арналған.

3. Лауазымдық міндеттері

3.1. Әскери кафедраның цикл бастығы міндетті:

3.1.1. Циклдің жоспарлау құжаттарын әзірлеу және әскери кафедра бастығына бекітуге ұсынуға;

3.1.2. Циклдің ай сайынғы жұмыс жоспарының орындалуын жүзеге асыру және цикл қызметінің қорытындылары бойынша есеп беруге;

3.1.3. Циклдағы оқу, әдістемелік, ғылыми-зерттеу жұмыстарына басшылық жасауға және жүзеге асыруға;

3.1.4. Запастағы офицерлер мен сержанттардың бағдарламалары бойынша әскери даярлық қағидасына сәйкес ПОӘК, оқу процесінің кестелерін және СӨЖ әзірлеуді және іске асыруды қамтамасыз етуге;

3.1.5. Студенттердің әскери даярлығын жоспарлауға, студенттердің оқу-жаттығу жиынын өткізу бойынша құжаттарды әзірлеуге;

3.1.6. Циклдың ОМБ-сының дамуы мен жетілуіне, сақталуына және жұмысқа қабілеттілігіне жауап беруге;

3.1.7. Оқытушылар өткізетін оқу сабақтарының сапасын бақылауды жүзеге асыруға;

3.1.8. Цикл бойынша әдістемелік комиссия құрамында кафедраның ғылыми-әдістемелік жұмысына қатысуға;

3.1.9. Оқытушыларға педагогикалық шеберлік пен кәсіби дағдыларды меңгеруде әдістемелік көмек көрсетуге;

3.1.10. Сабақтарды оқу аудиторияларымен, зертханалармен, әскери техникамен, оқитудың техникалық құралдарымен қамтамасыз етуді жоспарлауға;

3.1.11. Студенттермен сабақ өткізу, оқытушылар құрамының сабақ өткізу сапасын бақылауды жүзеге асыруға, студенттермен сынақтар, емтихандар және бітіру емтихандарын өткізуді ұйымдастыруға;

3.1.12. Сабақтар мен тәрбие жұмыстарын есепке алу журналдарын уақтылы жүргізуге, студенттерге аттестаттау парақтарын (сипаттамаларын) жасауға;

3.1.13. Студенттердің сабаққа қатысуын бақылауды жүзеге асыруға, әскери кафедра бастығына сабаққа келмеген студенттер туралы уақтылы баяндап, одан әрі баяндамалық жазбаны ұсынуға;

3.1.14. Нұсқаулық-әдістемелік, көрнекі және ашық сабақтар өткізуге;

3.1.15. Оқу және әдістемелік жұмыстың озық тәжірибесін жинақтап таратуға, оқу материалдық-техникалық базасын жетілдіру бойынша ұсыныстар мен іс-шаралар әзірлеуге;

3.1.16. Оқытушылар арасында оқу жүктемесін бөлуге қатысуға;

3.1.17. Кезекшілік кестесіне сәйкес кафедрада кезекшілік атқаруға;

3.1.18. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының әскери қызметшілерінің әскери киім нысанын киіп жүру және айырым белгілерін тағып жүру қағидаларының талаптарына сәйкес әскери киім нысанын киіп жүруге;

3.1.19. Бекітілген аудиторияның ішкі көрінісін көрнекі құралдармен ресімдеуге және дұрыс жағдайда ұстауға, сабақтарға арналған жабдықтар мен аспаптарды жұмыс жағдайында ұстауға;

3.1.20. Өзінің кәсіби білімін жүйелі түрде арттырып, еңбек тәртібі мен ішкі тәртіп ережелерін сақтауға;

3.1.21. Әскери кафедра бастығының орынбасары болмаған кезеңде оның міндеттерін орындауға.

3.2. Бағыныштылығы:

3.2.1. Әскери кафедраның цикл бастығы лауазымына басқарма төрағасы - ректордың бұйрығымен тағайындалады және босатылады;

3.2.2. Әскери кафедраның цикл бастығы тікелей кафедра бастығына бағынады.

3.3. Әскери кафедраның цикл бастығы білуі қажет:

3.3.1. Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Қазақстан Республикасындағы Тілдер туралы», «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Заңдарын, ҚР ҚМ бұйрықтарын және басқа да кафедраның қызметін реттейтін нормативті-құқықтық актілерді;

3.3.2. Университеттің даму болашағын, кафедраның басым бағыттары мен орта мерзімге даму перспективасын, оларды жүзеге асырудағы негізгі шараларды;

3.3.3. Кафедраның қызметін, бейіні мен мамандандыру бағыттарын;

3.3.4. Кафедраның мамандықтары бойынша ҚР-ның жоғары білім берудің мемлекеттік стандарттарын;

3.3.5. Оқу, ғылыми-әдістемелік, тәрбие және әскери-патриоттық жұмыстарды орындаудың ғылыми-әдістемелік негіздерін;

3.3.6. Оқытудың кредиттік жүйесі бойынша оқу процесін ұйымдастыру технологиясын, оқытудың интерактивті және ақпараттық технологияларының формалары мен әдістерін;

3.3.7. Білім беру қызметтері сапасының ішкі және сыртқы мониторингінің қағидалары мен рәсімдеріне қойылатын негізгі талаптарды;

3.3.8. Университеттің Жарғысын, ішкі тәртіп Ережелерін және орындалатын жұмыс мәселелері бойынша ЖОО ішіндегі нормативтік құжаттарды;

3.3.9. Педагогика, физиология, психологияны;

3.3.10. Осы лауазымдық нұсқаулықты;

3.3.11. Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін;

3.3.12. Студенттерді оқыту мен тәрбиелеудің заманауи формалары мен әдістерін;

3.3.13. Студенттерге білім беру мен тәрбиелеудің қазіргі формалары мен әдістерін;

3.3.14. Еңбекті қорғау ережелері мен нормаларын, өртке қарсы қауіпсіздік техникасын.

3.4. Біліктілік талаптары:

3.4.1. Жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білімі, педагогикалық қызметте кемінде 3 жыл, оның ішінде аға оқытушы лауазымында кемінде бір жыл және әскери қызметте кемінде 10 жыл еңбек сіңірген өтілі, теріс емес себептер бойынша әскери қызметтен шығарылған болуы тиіс;

3.4.2. Әскери кафедраның цикл бастығы құзыретіне кіретін мәселелерді толық білуі, жауапкершілігі, адамдармен жұмыс істей білуі тиіс;

3.4.3. Мемлекеттік тілді іскерлік деңгейде білуі, компьютерде жұмыс істей білуі тиіс;

3.4.4. Өз біліктілігін үнемі арттырып отыруға тиіс.

4. Жауапкершілігі мен өкілеттігі

4.1. Әскери кафедраның цикл бастығы жауапты:

4.1.1. Осы лауазымдық нұсқаулықта көзделген өзінің лауазымдық міндеттерін орындамағаны (тиісінше орындамағаны) үшін Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде анықталған нормалар шегінде;

4.1.2. Өз қызметін жүзеге асыру барысында жасалған құқық бұзушылықтар үшін - Қазақстан Республикасының әкімшілік, қылмыстық және азаматтық кодекстерінде анықталған нормалар шегінде;

4.1.3. Материалдық залал келтіргені үшін - Қазақстан Республикасының еңбек, қылмыстық және азаматтық кодекстерінде анықталған нормалар шегінде.

4.2. Әскери кафедраның цикл бастығы өкілетті:

4.2.1. Кафедра қызметінің мәселелері талқыланатын және шешілетін ЖОО-ның барлық бөлімшелерінің жұмысына қатысуға;

4.2.2. Өз құзыреті шегінде құжаттарға қол қоюға және бұрыштама қоюға.

4.3. Әскери кафедраның цикл бастығы құқылы:

4.3.1. ЖОО-ның басшылығымен өзінің лауазымдық міндеттерін орындауға қажетті жағдаймен қамтамасыз етілуге;

4.3.2. ҚР МЖМБС сақталған жағдайда педагогикалық қызметті ұйымдастыру тәсілдері мен формаларын еркін таңдауға;

4.3.3. Кәсіби біліктілік деңгейін арттыруға;

4.3.4. ЖОО-ның алқалық басқару органдарына сайлануға;

4.3.5. Кафедра бастығы арқылы Ғылыми Кеңестің және Басқарманың қарауына әскери кафедраның қызметін жақсарту жөнінде ұсыныстар енгізуге;

4.3.6. Қолданыстағы заңнамаға сәйкес, жыл сайынғы ақылы еңбек демалысын алуға;

4.3.7. Өзінің кәсіби абыройы мен қадір-қасиетін қорғауға;

4.3.8. Педагогикалық және ұйымдастырушылық қызметтегі жетістігі үшін материалдық және моральдық жағынан көтермелеуге.

5. Сілтемелер

ҚР Еңбек кодексі 23.11.2015 ж. № 414-V;

ҚР «Білім туралы» Заңы;

ҚР «Қазақстан Республикасындағы Тілдер туралы» Заңы 11.07.1997 ж. № 151;

ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы 18.11.2015 ж. № 410-V;

ҚР «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Заңы 16.02.2012 ж. № 561-IV;

ҚР Қорғаныс министрінің «Запастағы офицерлер және запастағы сержанттар бағдарламалары бойынша әскери дайындық қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы 24.07.2017 ж. № 375;

«Жәңгір хан атындағы БҚАТУ 2019-2023 жылдарға арналған даму бағдарламасы» 22.05.2019 ж.;

«Жәңгір хан атындағы БҚАТУ» Жарғысы;

«Жәңгір хан атындағы БҚАТУ» ішкі тәртіп ережесі;

«Жәңгір хан атындағы БҚАТУ» нормативтік құжаттары.